

*А.Аманбаева<sup>1</sup>, Ж.Жұмабаева<sup>2</sup>*

*<sup>1,2</sup> А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты,  
Алматы қ., Қазақстан*

## **ҚОҒАМ ҚАЙРАТКЕРЛЕРІНІҢ ДИСКУРСЫНДАҒЫ ПРОСОДИКАЛЫҚ КӨРІНІСТЕР**

### *Аңдатпа*

1960-70 жылдары дискурс сөйлемнің немесе сөйлеу актісінің ғана байланысы ретінде қарастырылса, кейін келе оның ауқымы кеңейіп, күрделі коммуникативтік қарым-қатынасты, сонымен бірге экстралингвистикалық факторлар (әлем туралы білімі, көзқарасы) арқылы байланысқа түсуді қамтиды.

Қазіргі кезде қоғам қайраткерлерінің дискурсын зерттеу қажеттілігі туындап отыр. Қоғам қайраткерлеріне танымал жазушылар, ғалымдар т.б. жататындығы белгілі. Осы орайда ең алдымен ғалымдардың дискурсын эксперименттік әдіс арқылы зерттей отырып, просодикалық көріністерді анықтап беру қажеттілігі туындайды.

Мақалада жалпы дискурс мәселелері, оның тіл біліміндегі зерттелуі, дискурстың түрлері және қоғам қайраткерлерінің дискурсын просодикалық, яғни интонация тұрғысынан эксперименттік әдістер арқылы зерттеу мәселелері қарастырылып отыр.

**Түйін сөздер:** дискурс, просодика, интонация, мәтін, интонама, коммуникация.

*А.Аманбаева<sup>1</sup>, Ж.Жұмабаева<sup>2</sup>*

*<sup>1,2</sup>Институт языкознания имени А.Байтұрсынова,  
г. Алматы, Казахстан*

## **ПРОСОДИЧЕСКИЕ ОСОБЕННОСТИ ДИСКУРСА ОБЩЕСТВЕННЫХ ДЕЯТЕЛЕЙ**

### *Аннотация*

В 1960-х и 1970-х годах дискурс рассматривался как предложение или речевой акт, а затем расширялся и включал сложную коммуникацию общения, а также общение через экстралингвистические факторы (знание мира, отношение).

В современном казахском фонетике актуально рассматривать дискурс общественных деятелей. Они известные писатели, ученые и т. д. Прежде всего, необходимо изучить дискурс ученых с помощью экспериментального метода и определить просодические репрезентации.

В статье рассматриваются вопросы общего дискурса, его изучение в лингвистике, типы дискурса и использование экспериментальных методов с просодической точки зрения, то есть интонации, дискурса общественных деятелей.

**Ключевые слова:** дискурс, просодика, интонация, текст, интонема, коммуникация.

*Amanbaeva A.Zh<sup>1</sup>. Zhumabaeva Zh.T<sup>2</sup>.*

*<sup>1,2</sup>Institute of Linguistics named after A.Baytursynov  
Almaty, Kazakhstan*

#### *Abstract*

In the 1960s and 1970s years, the discourse was considered as a sentence or speech act, and then expanded and included a complex communication communication and communication through extra-linguistic factors (world knowledge, and attitude).

In modern Kazakh phonetics is important to consider the discourse of public figures. They are famous writers, scientists, etc. it is First necessary to examine the discourse of scientists using the experimental method and to determine the prosodic representation.

The article discusses issues of General discourse, his study in linguistics, types of discourse and the use of experimental methods with prosodic point of view, that is, intonation, discourse and public figures.

**Keywords:** discourse, prosodica, intonation, text, intoneme, communication.

Қазіргі таңда дискурс ұғымының мән-мағынасы өте кең. Өйткені дискурс – экстралингвистикалық, социолингвистикалық, психолингвистикалық және басқа да факторламен астасып жатқан, просодикалық жағынан ерекшеленетін мәтіннің күрделі көрінісі, яғни тілдік коммуникацияның бір түрі.

Дискурс ұғымы ХХ ғасырдың 70 жылдарынан бастап философия ғылымында қолданыла бастаған, ең алғаш рет Ю.Хаберма сөзінің «Коммуникативтік компетенция теориясына дайындық» атты еңбегінде пайдаланған болатын [1].

Дискурс арқылы адамның ой-санасы, өз ойын нақты жеткізе алуы және бірін-бірі түсінісе алуы көрініс табады. Яғни дискурста бір адамның ойы, сезімі экстралингвистикалық, психолингвистикалық факторлар арқылы екінші адамға жетеді және жетіп ғана қоймай, оның санасында жаңа ой қалыптасады. Осыған байланысты Н.Д.Арутюнова: «Дискурс – связный текст в совокупности с экстралингвистическими, социолингвистическими, психолингвистическими и другими факторами; текст, взятый в событийном аспекте» – десе [2], ал Г.Кресс еңбектерінде мәтін және дискурс ұғымдары ажыратылып, оларды қолданудың шегі де нақты көрсетілген. Автор «*дискурсты* әлеуметтік салаға тиесілі категория деп, ал *мәтінді*

лингвистикалық категория ретінде» қарастырған. Яғни *дискурс* мәтін ішінде көрініс тауып, мәтіннің ішінде бірнеше қарама-қайшы және аяқталған дискурстар кездесуі мүмкін» дегенді айтады [3]. Қазақ тіл білімінде де дискурс жайында жан-жақты зерттеген ғалымдар бар. Мәселен, профессор Н.Уәли: «Дискурс – коммуникативтік қатысым процесі ретінде анықталса, мәтін – оның жемісі ретінде ұғынылады» – деп мәтін мен дискурстың ара-жігін ашып беретін болса [4], ал Б.Момынова мәтін мен дискурстың ерекшеліктерін ашып береді [5], Ж.Кеншінбаева: «Дискурс – қолданыстағы мәтін, яғни сөйлеу тілінің нақты коммуникативтік қарым – қатынас орнатудағы қызметі» дейді [6], ал Г.Г.Бүркітбаева дискурсты «мәтін мен интеракцияға қатысушылар мен коммуникативтік жағдаят қосындысы» дегенді айтады [7].

Адам ойы сан қырлы, ұшы қиыры жоқ десек те болады. Яғни адамның ойы мен санасы әртүрлі болатындықтан, адресанттың, яғни сөйлеген адамның адресатқа, яғни қабылдаушыға жеткізуі де әртүрлі. Ол прагмалингвистикалық фактор арқылы жүзеге асады. Сондықтан адресант адресатқа өз ойын түсінікті әрі ой-санасында қалатындай етіп еркін түрде жеткізуі қажет.

Мәтін мен дискурсты біз бір-бірімен байланыстыра отырып қарастырғанымызбен, әрқайсысының өзіндік алар орны бар. Айталық, мәтін ол автордың шығармасы, яғни әлі де болса қолданысқа енген көркем туындысы. Ал оны оқырман оқып, коммуникацияға түскенде адресант пен адресат арасында дискурс пайда болады. Өйткені мәтінді оқыған адам оны түсініп, өзіндік ой қорытады және әрі қарайғы өмірлік тәжірибесінде қолданып, жүзеге асырады, өзіндік ой, идея пайда болады. Сол себептен дискурстың ауқымы өте кең.

Дискурс – тілдік коммуникацияның бір түрі ретінде әңгімелесу, кеңес беру, пікірлесу, талқылау ұғымын береді. Осы орайда француз ғалымы П.Серио зерттеуінде «дискурс» терминінің сегіз түрлі мағынасын ашып берген. Олар: 1) сөйлеу арқылы көрініс табатын нақты ой, тұжырым; 2) көлемі жағынан фразадан үлкен бірлік; 3) сөйлеген сөздің қабылдаушыға әсері, яғни түсінісе алуы, прагматикасы; 4) әңгімелесу – сөйлесімнің негізі; 5) сөйлеуші (адресант) мен қабылдаушының (адресат) бір-бірін түсіне алуы (Э.Бенвенист); 6) тіл бірліктерін, оның сөйлеу кезіндегі актуализациялануын қолдану; 7) сөз сөйлеудің әлеуметтік және идеологиялық шектеулі түрі; 8) мәтін жасау шарттарын зерттеуге арналған теориялық құрылым [8].

Қазіргі таңда дискурстың бірнеше түрі қалыптасқан: әскери дискурс, газеттік дискурс, іскери дискурс, балалық дискурс, өнертану дискурсы, магиялық дискурс, массмедиа дискурсы, ғылыми (академиялық) дискурс, педагогикалық дискурс, поэтикалық дискурс, публицистикалық дискурс, жарнама дискурсы, спорттық дискурс, техникалық дискурс, көркем дискурс, экономикалық дискурс, электрондық дискурс, этикалық дискурс, заң дискурсы, қоғам қайраткерлерінің дискурсы т.б. [7].

Сөйлеу кезінде сегментті бірлік пен суперсегменттік (просодикалық) бірлік қатар көрініс табады. Яғни сегментті бірлік арқылы дыбыстардың өзгеріске ұшырауы көрініс табатын болса, ал просодикалық жағынан келгенде сөйлеуші яғни адресанттың сөйлеу кезіндегі интонацияның компоненттерін (әуені, дауыс үдемелігі, кідіріс, қарқын, әуезі) орынды қолдану негізге алынады. Сондай-ақ, қазақ тіл білімінде зерттеліп, қалыптасқан интонациялық бірліктерді (интонома) ажырату қажеттілігі туындайды. Осы орайда проф. З.М.Базарбаеваның еңбегінде қазақ тілінің 8 интонациялық бірліктері (интонома) анықтаған болатын [9]. Олар: 1. Тиянақты интонома 2. Тиянақсыз интонома 3. Жалпы сұрақ интономасы 4. Арнаулы сұрақ интономасы 5. Қатал бұйрық интономасы 6. Сыпайы бұйрық интономасы 7. Лепті сөйлемдер интономасы 8. Қыстырма сегменттер интономасы.

Қазіргі уақытта қоғам қайраткерлерінің дискурсы белең алып келеді. Қоғам қайраткерлеріне белгілі ғалымдар, белгілі жазушылар, белгілі саясаткерлер т.б жататындығы белгілі. Осы орайда белгілі адамдардың дискурсын зерттеп, олардың қоғамдағы орнын анықтау қажеттілігі туындайды. Яғни қоғам қайраткерлерінің дискурсында просодикалық бірліктер қалай көрініс табатынын анықтау қажет. Зерттеуде қоғам қайраткерлерінің ауызша сөзін эксперименттік әдістер арқылы талдап, интономаларын анықтау қажеттілігі көзделіп отыр. Осыған байланысты танымал қоғам қайраткері, ғалым, академик Ө.Айтбайдың сөзі таспаға жазылып, эксперименттік зерттеу жүргізілді. Зерттеу барысында ғалымның дикциясының яғни, дауыс тонының ерекше екендігі байқалды. Мәселен, *Қазақ халқы үшін | «Қазақ тілі» қоғамының құрұлуы | тарихи мәні зор | оқиға болып табылатыны | сөссіз* – деген сөйлемнің сөз басында баяу ырғақпан басталып, сөз ортасында *құрұлуы* деген сөзден кейін физиологиялық кідіріс жасалып, көтеріңкі әуенмен, яғни тиянақсыз интономамен айтылып, сөз аяғында баяулайды да тиянақты интономамен аяқталады. Яғни ғалым «Қазақ тілі» қоғамының қазақ тілі үшін өзіндік ерекше орны бар екенін өзіндік дауыс бояуы арқылы көрсетеді. Сондай-ақ, *Алайда | тіл тахсіретін көп тартып, | оның | бүгүнгү мүшкүл халіне | жаны күйзөлген жұрт | жаппай тек | «Қазақ тілі» деген | атауды қалайды.* – дегенде автордың қазіргі қазақ тілінің жай-күйін халыққа жеткізу мақсатында ой қозғағандығы және қазақ тілінің мәртебесін көтеру мақсатын көздейтіндігі байқалады. Просодикалық тұрғыдан келгенде автор сөз басында бәсең интономамен, сөз ортасында көтеріңкі және бірқалыпты интономамен айтады да сөз аяғында бәсеңдей түскендігі байқалады. Сондай-ақ автордың дискурсында жалпы сұрақ интономасы мен қыстырма сегмент интономалары да көрініс тапқан. Автор *Әрине, | сезімнің еркіне берілген жандар да | жетерлік, | дегеммен, | жұртшұлықтың көңүл-күйүн | түсүнуге болатын ед. | Тіпті | әңгіме жұртшұлұқтың | атында емес, | затында, | атқарылатын істің | мән-мағынасы мен | салмақ ауқымында емес пе?* – дегенде сөз басында, яғни бірінші синтагма қыстырма сегмент интономасымен басталып, ал аяғы

жалпы сұрақ интонемасымен, яғни көтеріңкі әуенмен айтылады. Автор осы сөйлемде адресантты коммуникацияға түсуге шақырады.

Мәтінді оқу барысында автордың даусында өзіндік әуез, өзіндік дикцияның орын алғандығын байқауға болады. Әсіресе оқылған әрбір сөйлемнің басында дауыс үдемелігі көтеріңкі болып, ал соңына қарай төмендей түсетіндігі байқалады. Мысалы: *Қоғам құрұлғаннан бері / бес-алты ай өтті. Жаңадан / бастау алып отұрған / ұйым болғандықтан, / мұнұң / қалыптасып кеткенше / қол байлайтын сан түрлү / шаруасы / боладекен.* – дегенде әрбір сөйлем синтагмаларға бөлініп, мағыналық жағынан біріне-бірі жалғасып, интонациялық жағынан дауысында өзіне тән бояудың бар екендігін байқауға болады. Сондай-ақ, автор *Құрұлмай материалдарын / игеруден бастап / түрлү ұйұмдастыру шаралары / әлі күнге / жалғаса түсуде. Ол өзүнің / негізгі тірегі / – бастауыш ұйұмдарынан бастап, / барлық бөлімшелерін құрұп / бітіруге таяу* – деген сөйлемдерде сөз басында көтеріңкі интономамен басталып, ортасында бірқалыпты болып, ал аяғына қарай бәсеңдей түскендігі байқалады. Автордың даусында өзіндік леп, өзіндік ырғақ бар. Әр синтагманың және әр сөйлемнің арасында физиологиялық кідіріс орын алған. Ал психологиялық және хизитациялық кідіріс байқалмайды. Өйткені автор дайындықпен келгендігі көрініп тұр. Көбіне мұндай кідірістер (хизитациялық, психологиялық) дайындықсыз сөйлеу барысында, сөйлеген кезде өз ойын жинақтау барысында туындайды. Автордың оқыған мәтінінде орфоэпиялық заңдылықтың толық сақталғандығы байқалады. Сонымен қатар *Қоғам / күн өткен сайын / ауқымданып, / әлеуетті де, / іргелі ұйұмға / айналып келеді.* – деген сөйлемде автор қазақ тілі қоғамындағы істеліп жатқан жұмыстардың жай-күйін айта отырып, қоғамда жасалып жатқан жұмыстар жайында сөз қозғайды, әр синтагманың арасына физиологиялық кідіріс жасайды. *Қазірдің өзінде / барлық жерде / облыстық ұйұм құрұлып, / іске кірісіп кетті.* – деген сөйлемде де «Қазақ тілі» қоғамының ауқымының кеңейіп жатқандығын көпшілікке жеткізу мақсатын көздейтіндігі байқалады. Автор өзінің ойын анық жеткізе отырып, сөз басында бірқалыпты интономамен басталған синтагма, сөйлемнің ортасында көтеріңкі айтып, аяғына қарай бәсеңдей түскен.

Қорыта келгенде автордың оқыған мәтінінде қазақ тіліне тән тиянақты, тиянақсыз, жалпы сұрақ, қыстырма сегмент интономалары орын алған. Сондай-ақ әрбір сөйлемге тән просодикалық ерекшеліктері ерекше көрініс тапқан. Сөйлеу кезінде орын алатын әуен, дауыс үдемелігі, қарқын, кідіріс, әуез (тембр) сияқты интонацияның көрсеткіштері өзіндік мәнге ие.

#### *Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:*

- 1 Хабермас Ю. Теория коммуникативного действия (Фрагменты) – Пер. А.Б.Рахманова // Личность. Культура. Общество: журнал. – 2004, № 1 (21), – 312 с.*

- 2 Арутюнова Н.Д. *Предложение и его смысл.* – М.: Наука, 1976. – 383с.
- 3 Макаров М.Л. *Основы теории дискурса.* – М.: ИТДГК «Гнозис», 2008. – 345 с.
- 4 Уәли Н. *Қазақ сөз мәдениетінің теориялық негіздері. Филология ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация.* – Алматы: 2007. – 328б.
- 5 Кенжеқанова Қ., Момынова Б. *Мәтін және дискурс ерекшеліктері // Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті. Хабаршы//Вестник «Филология ғылымдары» сериясы – Алматы, 2017. – №1(51), 2015 ж. 40-45 б.б.*
- 6 Кеншінбаева Ж. *Қазақ мәтінінің семантика-интонациялық мүшеленуі. (экспериментті-фонетикалық зерттеу): Филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация.* – Алматы: 2004. – 161б.
- 7 Буркитбаева Г.Г. *Текст и дискурс. Типы дискурса. Учебное пособие.* – Алматы, Дайк – Пресс, 2006. – 379с.
- 8 Серю П. *Как читают тексты во Франции / Серю П. | Квадратура смысла: французская школа анализа дискурса.* – М., 1999. – 419с.
- 9 Базарбаева З.М. *Қазіргі қазақ тілі интонациясының негіздері.* – Алматы: Комплекс, 2002. – 202б.